

Қарашаңырақтан қол үзбейміз



Жұмыстан келісімен мерзімді басылымдарды сұратып оқу алдыңғы бын өкілдерінің күнделікті әдеттіме айналған. Өйткені, газет адамның жан дүниесін ашып, танымын толықтырып, кеңейтіп, ретті жерінде көзқарасын да өзгертіп отыратын күшке ие. Осы ретте мен басқаратын «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» АҚ өнір жаршысы «Оңтүстік Қазақстан» газетін асыра күтіп отырады. Басылымда тарихи-танымдық мақалалармен қатар көрнекті ғалымдардың зерттеу еңбектері де басылып тұрады. Газет бізге осынысымен де қымбат. Сондықтан қарашаңырақ басылымға ұжым болып жыл сайын жазылып отырамыз.

Университет кітапханасында «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бірнеше жылдық тігінділері сақтаулы. Себебі, ізденушілер мен оқытушылар одан керекті материалдарды іздең табады. Бізге сонымен қатар газеттің айқарма бетінде жарық көретін салиқалы сұхбаттар мен танымдық материалдар ұнайды. Басылым бетіндегі әдеби дүниелер де талғамымыздан шығады. Университеттің міздеңі филология, философия және тарих, енер факультеттерінің ғалымдары мен студенттері газет бетінде жарық көрген әңгіме, өлеңдерді, тарихи-танымдық материалдарды өзара талқыларап отырады.

Түркістан қаласының облыс органына айналыш, дербес аймақ болғаны-

мен, біз байырғы басылым «Оңтүстік Қазақстан» газетіне бауыр басып қалғанымыз сондай, әлі де қол үзгеніміз жоқ. Жылдағы дәстүрмен биыл да қоғам қайраткерлері үйғын шашып кеткен аға басылымға ұжым болып түгел жазылуды мақсат етіп отырмыз. Сондай-ақ, барша жоғары және арнаулы орта оку орындарының басшыларын, оқытушыларын, студенттерін «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазылуға шақырамын.

Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
«М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті» АҚ президенті,
тарих гылымының докторы,
профессор, КР ҰҒА академигі.